

"Тарификация бірліктерінің өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 43 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің м.а. 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 364 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 18 қаңтарда N 6738 тіркелді

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 1-1-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасының 7-бөлім 49-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тарификация бірліктерінің өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 43 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 3 наурызда № 5573 тіркелген Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2009 ж. наурыз, № 3, 338-б.) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарификация бірліктерінің өлшемінде:

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада «ұялы байланыс пен» деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: «1-1) ұялы байланыс операторларының телефондық трафигі - 1 секунд;»;

5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада «ұялы телефон байланысы,» деген сөздері алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: «1 - 1) ұ я л ы б а й л а н ы с :

байланыс операторының телекоммуникация желі ішінде - 1 секунд; басқа байланыс операторларының телекоммуникация желілеріне шығу - 1 секунд;»;

4) тармақшада «60» саны «30» санына ауыстырылсын; 6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ; мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Байланыс саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделмеген қосылуға төлем мен басқа төлемдер алуға тыйым салынады.».

2. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және

ақпараттандыру комитеті (Р.Р. Нұршабеков) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат вице-министр С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Қ. Әбсаттаров

К Е Л І С І Л Д І :

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
агенттігінің (Монополияға
қарсы агенттік)

Т ө р а ғ а с ы

Есенбаев М.Т.

«__» _____ 2010 жыл

К Е Л І С І Л Д І :

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің Төрағасы

Әбіқаев Н.Ә.

«__» _____ 2010 жыл